

ЕСТАЙ БЕРКІМБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Айтбаев Қайрат Хамитович

zhaikonyr@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты
Ғылыми жетекші Иманжүсіп Р.Н.

Естай 1873 жылы Павлодар уезі, Ақкөл болысы, Бұрымтал ауылында дүниеге келген (кей деректерде Қаражар, Итмұрынды бес төбе деп те жазылған), Немересі Зекен апа: «Естай Бұрымталда туған», – деді. Ақкөл-Жайылма жалпы алғанда Екібастұз бен Ақтоғай ауданын алып жатқан үлкен алқап. Ал, Екібастұз ауданының Ақкөл совхозының (Кенес заманында осылай аталды, оқырманға түсінікті болсын деп беріп отырмын) ескіше аты Елтай ауылы.

Тарихшы ғалым Ж.Артықбаев Ақкөлді «Қазақ өнерінің ордасы болған жер», – деп жазды. «Ақкөл-Жайылма – ұлан-байтақ қазақ жерінің орталық бөлігіне орналасқан әдемі аймақ. Ақкөлді жергілікті қазақ қариялары Әулиекөл деп те атайды және ортағасырлық шежіре деректері мен тарихи жазбалардан бұл аймақ туралы аздаған мәліметтер кездеседі. Соларға қарап отырып Ақкөл-Жайылманың қазақ тарихындағы орыны Баянаула, Қарқаралы, Ұлытау сияқты тарихи орталықтардан бір де кем емес екенін аңғарамыз» – дейді ғалым. Одан әрі Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» кітабына сүйене отырып, «Өтеміс қажының жазуына қарағанда Шайбан (Сыбан, Шибан) ұлысы Ақкөл-Жайылмаға Сайын ханның (Бату) бұйрығымен ие болған» [1].

Композитордың туған жылына байланысты әртүрлі жазылып жүр. 1940-жылы композиторлар одағының мүшелігіне өткен кезде «личный листогына» 1868 жылы туған деп берілген. Павлодар облысына белгілі журналист, өнертанушы Айтжан Бәделхан бұл деректің шындыққа жанаспайтыны туралы деректер келтіреді.

«...1868 жылы туды деушілердің ұсынатын құжаттары бар. Ол – Естай Беркімбаевтың 1940 жылы Қазақстан композиторлар одағына мүше болып түсу үшін жазған өмір баяны мен «Личный листогы». Бұл екеуінде Естай Беркімбаевтың туған жылы-1868 жыл деп көрсетілген.

Бір қарағанда бұл ден қоярлық құжат сияқты. Ал, зердеге салып ойлана келсек, ақиқаттан алыс екені бірден байқалады. Ең алдымен бұл құжат Естайдың өз қолымен толтырылмаған. Сырттан біреулер толтырып, соңынан арап әріпімен «Естай Беркімбаев» деп қол қойған. Күдіктің басы осы жерден басталады. Ешқашан адам қол қойғанда аты-жөнін толық жазбайды ғой. Тек қана фамилиясын жазуы мүмкін. Бұл құжаттардың соңында «Қойылған қолды растаймын» деп сол кездегі Мәдениет жөніндегі обылыстық комитетінің бастығы Сәрсембаев деген азамат қол қойыпты. Бұл да түсініксіз. Қойылған қолды растаудың қажеті қанша. Ол нәрсе алуға берілген сенім хат емес қой. Мұның өзі құжаттардың сырттай толтырылғандығын анық айғақтап тұр емес пе?!

Бұл – бір. Екіншіден, Естай қолды басқаша қойған. Мәселен, 1938 жылы жазушылар одағына жіберген «Қызыл әскерге-20 жыл» деген өлеңінің сыртына өзі арап әріпімен орағытып тұрып қол қойған.

Ал, ұзақ жылдар бойы қатар көрсетіліп келе жатқан 1872, 1873 жылдардың жөні басқа. Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің 1946 жылғы 26 наурыздағы нөмірінде жарияланған қазанамадан (некрологта) «1946 жылғы 15 мартта Қазақстанның өнерге еңбегі сіңген қайраткері, композитор Естай Беркімбаев жолдас қатты науқастан кейін Куйбышев ауданы «Ақкөл» колхозында 73 жасында қайтыс болды» деп жазылған. Зират басындағы құлпытасқа да осылай жазылыпты. Ақынды 1873 жылы туды деушілер осы уәжді сөзіне дәлел етеді [2].

«Естай атам 1946 жылы 73 жасында қайтыс болды» деп немересі Зекен апа да 1873 жылы туғанын растайды. Естай өмірден өткенде нешеде болғанын басқа-басқа немересі шатастырып алатындай елеусіз біреу емес қой. Естай өзі «Исаның Қабышымен түйдей

құрдасын» деп отыратын дейді. «Алаш партиясына Серәлі Лапинмен бірге қабылданған. Қабыш Исаұлы 1873 жылы туған озық ойлы, ұлтжанды азамат 1937 жылы ату жазасына кесілген» [3].

Әкесі Беркімбаи өмірден ерте өткенмен, туған ағасы Нұрмағанбеттің панасында өскен Естай жоқшылық көрмейді. Ауылдағы Жақып деген молдадан сауат ашады. Анасы Күлипа «...ақын, адуын мінезді жан» [4, 43] болыпты. Немере ағасы Төлеубай қажы ел ішінде абыройлы, төңірекке белгілі адам болады да, Естайдың ел алдына шығып өнерпаз болуына үлкен ықпал етеді.

«Он бес-он алты жастар шамасында Төлеубай ағама еріп Қоянды жәрмеңкесіне бардым», – деп немере інісі Қыздарбек Әміреновке айтқан екен. Сол сапарда ақын Шөже мен әнші Жарылғапбердіні көріпті.

«Шөже соқыр, көзі көрмейді. Жарылғапберді бірнеше ән шырқады, ішінде «Ағаш аяқ» әні де бар. Ел әншінің өнеріне тәнті болды. Осы жерде Төлеубайдың әнші інісі бар, шығарсын топ алдына деп Ертіс мырзасы Бердалының Исасы бейіл білдірді. Қолыма домбырамды алып, «кұласаң- нардан құла» – дегендей мен де «Ағаш аяқ» әнін шырқап салдым. Сол жерде отырған біреу «қайсысы жақсы айтты?» – деді. Иса мырза: «Естайдың бір қайырымы артық болды», – дегені бар еді» [5]. Ақсудың болысы Бердалының Исасы жас әншіні меселі қайтпасын деп көтермелеп жіберсе керек.

Алысқа шыққан алғаш сапары, өнердегі алғашқы қадамындай есінде қалады. Елге келген соң, Жарылғапбердінің алдында сүрінбей ән шырқап, көңілі тасып тұрған Естайға қажы ағасы екі жүйрік атының бірін берген екен.

Естай он жетіге келгенде әйгілі Біржан салмен кездескені туралы әңгімені Ақкөл-Жайылма төңірегіндегі ақсақалдардың көбі біледі. Р. Тоқтаровтың жазуына қарағанда ауыл әншілерін Біржанның мысы басып кеткендей. Ол да мүмкін. Ауыл арасындағы мықты әншілер тізесі қалтырап, ән салуға бата алмай қалды ма? Ұлы әншінің тегеуірініне шыдай алмаған болар?... Сонда Ақкөл-Жайылма ән ордасы, өнер баптаған ел дегені қайда? Мұстафаның Ақкөлге барып ән салудың жаңаша түрін үйреніп қайттым дегені қайда? Осының бәрі де шындық. Үлгі аларлық әншілер ел ішінде баршылық-тын. Ақкөл әншілерінің Біржан салдың алдында ән салмауы – ұлы әншіге көрсеткен ел өнерпаздарының құрметі емес пе. Бұл қазақы мәдениеттің нышаны. Мысалы, италиялық жазушы Мария Тебальди Къезаның «Паганини» деген кітабында, «Никола Паганини жеке концерт берген концерт залында, бес жылға дейін жеке концерт берілмеген» [6] деп жазады. Және осы жағдайды, еуропалық жазушы, өнерпаз қауымның киелі сахынаға, шын өнерпазға деген құрметі деп түсіндіреді. Біржан салдан қалмаймыз деп, ел ішіндегі әншілер өнер таластырғандай, бірінен соң бірі ән салса қалай болар еді? Өйтпейді, әннен алған әсерді бұзбайды.

Академик Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» атты монографиясында: «...Жасы жиырмаға келмей жатып Естай, жоғарыда айтылған, әннің екі алыбын да көреді. Біржан салдың қасында бір жылдай еріп жүреді. 1889 жылы сондай-ақ Ақан серіге шәкірт болады. 1893 жылы екеуінен де тікелей ән үйренеді. Бұл жағдай Естай үшін үлкен бақыт болады. Айтушылар Естай Ақанның «Нұриласын» халық арасында бірінші жаюшы болды дейді. Екіншіден, Естайдың Біржан мен Ақанды көруі, бірге болуы, олардың орындауын естуі, әндерін үйренуі үлкен мектеп болды. Ол мектеп Естайдың ән шығару әдісіне әсер етті» [7, 253]. Бұл арада А. Жұбанов Естайдың қазақтың екі ұлы әншісі Ақан мен Біржанға шәкірт болған уақытын ауыстырып алған. «Өмірімде Біржан салды төрт рет көрдім. Әндерін үйрендім. Ақан серімен жиырма жастардағы кездерімде кездесіп, бір жыл қасына ердім», – деп Қайым Мұхаметхановқа айтқан [8].

Ол дәуір бір әнді он әнші айтса он түрлі құбылтып жіберетін, көп вариантты әндердің дәуірі болған, орындаушылар (насихаттаушылар) шығармаға өз мәнерін қосып отыратын. Әрине, Естай да Біржан мен Ақаннан үйренген әндерін өзінше құбылтып, өзгеше мәнермен айтқаны белгілі. Егер естігенін қайталап көшірме жасаса ұлы әншілердің жоғары бағасына ие болып, оң батасын ала алмасы анық. «Услышит казах новую для него песню какого-нибудь акына, понравится она ему, и понесет он ее в свой, может быть, и очень отдаленный аул, –

понесет такую, как подскажет ему память и чуткость музыкальной восприимчивости. Кое-что пере забудет, кое что изменит по личному вкусу, подставит другое слова, и вот уже вариант готов!» [9]. Естай бала жасынан тыңдап өскен Ақкөл-Жайылма төңірегіне кең тараған Жаяу-Мұса, Жарылғапберді, Балуан-Шолақ әндерімен қоса Біржан мен Ақанның репертуарын толық игереді.

А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» монографиясында Естай Маралдыға Шошан мырзамен барады деп жазған. «Ақкөлден жүз елу шақырымдай Ертіс деген жерді (кейін Ертіс ауданы болды) жайлайтын Сүлеймен деген бай болған. Оның баласы Шошан мырзаның айттырып қойған қалыңдығы Маралды елінде екен. Шошан қайынына барарда, бұрыннан атын халық білетін, өзінің үйінде бірнеше рет қонақ болып, ән салған Естайға қос атпен кісі жібереді. Ел аралауды жақсы көретін әнші, мүмкін Маралды жақтан жаңа ән олжалап қайтар, күйеу жолдасы болып емес, елдің ардақты әншісі болып, жайы келсе менімен барып қайтсын дейді» [7, 254]. Көз көргендер Естай Маралдыға Исаның Қабышымен сапарлас болып барды десе, А. Жұбанов Шошан мырзамен барды дейді. Неге? Мәселе мынада... Академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туған ағасы Құдайберген Жұбанов халық жауы ретінде ұсталып, атылып кеткеннен кейін Ахметтің әр сөзі, әр қимылы аңдулы болған. Ал, Исаның Қабышы Павлодар қаласындағы Алаш партиясының төрағасы, 1937 жылы халық жауы ретінде атылған кісі. Сұңғыла Жұбанов Павлодардың белгілі адамын және Естайдан көп кіші адамды жазуының себебі осы. Ертеңгі ұрпақ ақ, қарасын айырып алар деп сенген тәрізді. Егер де Шошанның орынына Қабышты қойсаңыз бәрі дұрыс болып шығады. Естайды арнайы алдыртқаны рас, күйеу жолдас емес, елдің ардақты әншісі ретінде барғаны да рас!

Естай мен Қорланның кездесуі, олардың арасындағы махаббат туралы деректер Ахмет Жұбанов, Сапарғали Бегалин, Қайым Мұхаметханов еңбектерінен кездеседі. Сапарғали Бегалин мен Қайым Мұхаметханов Естаймен бір күнде, бір поезда кездескен екен. Сол сәтті С. Бегалин 1939 жылдың июнь айында Алматыдан демалыс алып, Семейге баратын поездға отыруға келдім» [10], – деп жазады. Қайым Мұхаметханов: «Июнь айының» (1939 ж.) аяғында Алматыдан Семейге бірге аттандық поезда да Семейлік жолдастар бар, Естай келе жатыр дегенді естіп, басқа вагондардан әдейілеп келгендер бар, әнші ақынды ортаға алып, құрметтеп, силап әңгімесін айтқызып, әнін тыңдаудан тынған жоқ», – деп еске алған. Ең қызығы екеуі де Қорлан мен Естайдың арасындағы махаббатты әншінің өз ауызынан жазып алыпты. С.Бегалин мен Қ.Мұхаметхановтың естеліктерінде көп айырмашылық жоқ. Әңгіменің барысы былай болған:

«Естай бастаған жолдастарымен келген күйеуді қайын жұрты құрметпен қарсы алады. Күйеу келген ауылда ойын-сауық басталады. Маралдының ел билеушілері, руы қыпшақ Сұңқар деген болысы, Сұлтан деген биі болады екен. Сұлтанның бой жеткен Хұсни, Хорлан атты екі сұлу қызы бар екен. Осы екі бойжеткен құдашалар той-думанның ортасында болады. Той-думанның гүлі әрі әншісі, әрі ақын сегіз қырлы жас жігітке Хорланның көңілі ауады. Естай да қызды ұнатады. Сөйлеседі, сырласады. Хорланның айттырып қойған жері бар екен. Сүйіскен екі жас сол жолы серттесіп сөз байласады. Естай келесі жылы Хорланды алып қашпақ болып, Қожахмет деген жолдасымен Хорланның көрші ауылына жасырын келеді. Сұлтан ауылының Естайға тілектес Әбділдә, Нұрғазы деген жігіттері де бар екен. Үшқамыс көлін жайлап отырған Сұлтан ауылын қанша қорыса да қызға жолыға алмайды. Ақыры істің сәті түспейді. Бұлардың сырын сезіп қойған Сұлтан құдасына хабар айтып, Хорланды тездетіп ұзатып жібереді. «Хорлан» әнінің тарихы қысқаша осылай екен» [11].

«Песня «Корлан», сочиненная Естаем в начале творческой деятельности в простом традиционном виде, с развитием композиторского и исполнительского мастерства автора преобразовалась в новую высшую форму казахской национальной песенной лирики» [12, 56].

«Қорлан» мен «Бір мысқал» әндері Естайдың композиторлық, әншілік өнерімен қоса ерекше дарынды ақын болғанының белгісі. «Бір мысқал» музыкалық формасы жағынан – сол кез үшін ол да Естай еңгізген жаңалық. Ақкөлде қиссашылар көп болғанын мақаланың бас

жағында айтқан болатынбыз, сол қисса-дастандар Естай шығармашылығына мол әсерін тигізеді. «Бір мысқал», «Жай қоңыр», «Наз қоңыр» әндері форма тұрғысынан қиссадан алыс емес. Тіпті, қиссаның ықшамдалған түрі деген пікір айтар едім. Әуені ұқсамағанымен пішіні бір.

«Бір мысқал» композитордың жас кезінде 20 мен 25 жас аралықтарында шыққан болса «Жай қоңыр» мен «Наз қоңыр» Естайдың егде тартқан шақтарында шыққан әндер. Естайдың «Қара көз», «Юран-ай» әндері де композитордың жігіттік дәуірінен қалған белгі.

«Қара көз» әнінің басы сазды келіп, қайырмасы ойнақы мелодияға құрылған. Бұл да тыңдаушының құлағынан кетпейтін соқталы туынды. Әннің қысқаша тарихын С. Бегалин автордың өз ауызынан естіген екен. «Естай бірде жолы түсіп Омбы шаһарына барады. Сол жолында Қыпшақ ауылының белгілі адамы Жансары деген байдың үйіне қонады. Үй иесі Естайдың әнші екенін білген соң «қонақ кәде» ретімен өлең айтқызады. Жансарының бой жеткен Қаракөз деген қызы бар екен, сол Естайға ән қолқасын ұсынып, бірнеше ән айтқызады. Естай аттанып кетеді. Бірақ қыздың көркі Естайдың көкірегінен кернеп, ой толғанысына жетелейді. Сол Омбы жолының өзінде «Қаракөз» әнін шығарады» [10]. «Лағыл тас су түбінде жатады алтын, Суының беті жылы түбі салқын. Суынан сол лағылды сүзіп алып, Азырақ көрер мә еді рахатын?!» [13, 61]

«Юран-ай» Майра Шамсуддиноваға арналған ән дейді көз көргендер. Өнертану ғылымдарының кандидаты З. Қоспақов: «Естайдың өмірі мен шығармашылық қызметі» – деген мақаласында 1988 жылы Қызыл ту газетінде шыққан материалға сүйене отыра «Юран-ай» әні жайында мынадай дерек береді. «Көркем, сұлу бейнелі, қазақ әнін асқақтата шырқайтын осы бір ақсары ноғай қызы Естай ақынның жүрегінен орын алады. Ол оған арнап «Юран» әнін шығарады. Майраның бүркеншік аты Нюраны Естай қазақ қыздарының Еран, Гүлжан, Раушан аттарына ұйқас етіп, Юран деп алған» [14].

«Юрай-ай» Естайдың көтеріңкі көңіл күйде келетін әні. Әнге Жаяу Мұса шығармашылығының ықпалы байқалады. Жаяу Мұсаның «Көгершін» әніне мелодиясы да, формасы да ұқсап қалып отырады. Естайдың: «Жас күнінде Жаяу Мұса әндерін орындадым», – дегені бар. Бұл ұқсастық Мұса әніне есі кете ғашық болғанынынан қалған белгі болса керек.

Салғаным сал қара атқа жаппай күміс, Білмеген асыл жайын адам емес. Осы әнді Юран деген қызға айтқан, Естайың басқа жанға салған емес. Қыз бопты Қараөткелде Юран атты, Аузынан шыққан сөзі балдан тәтті. [13, 74].

Негізі ән мәтініне қарағанда Естай Майраның әншілігін жоғары бағалаған сияқты. Себебі ол кезде қазақ әйелі айқайлап, арқыратып әнге салмайтын еді. Майра қазақ әнін қалың көпшіліктің алдында орындаған (сахналаған) әйел затынан алғашқылардың бірі, тіпті, біріншісі де болуы мүмкін. «...Впрочем, все это относится к манере мужчин, тогда как женщины, – не берусь судить, – по традиции ли, или же в силу своего темперамента, поют гораздо холоднее, чем мужчины, и, при красивом и чистом звуке, нередко удивляют механичностью и безучастностью своего пения. Скажу даже больше и отмечу как характерную особенность, что казахам положительно не нравятся ни особенно высокие женские голоса, ни колоратурные поползновения наших культурных певиц, пробовавших исполнять их песни, а всякая их попытка «переживать» исполняемое и вносить в него элемент сколько-нибудь подчеркнутой выразительности-вызывает в казахской аудитории чувство протеста» [15, 15]. Бұл айтылғанның бәрі ер адамның манерасына байланысты деп отырғаны жалпы «Қазақтың 1000 әні» мен «500 Қазақтың ән-күйі» жинақтарында ер адамның ән салу манерасын ғана сөз етеді дегені.

Б. Ерзакович Т. Арғынбаевтан «Юран-ай» әнін нотаға түсірген. Қ.Байбосыновтың орындауында халыққа кең тараған «Юран-айдың» нұсқасы Т.Арғынбаев жеткізген нұсқасынан алыс емес. Қ. Байбосынов Серәлі Әбжановтың үн таспасынан үйренген екен.

Естай жиырма бестен аса ән шығарған. «Қоштасу» соңғы әні.

Естайдың «Қорланы» баритон дауысқа жарасып тұрады. Естайдың дауыс регистрі де төмен болу керек. «Ал, оның дауысы маған қобыздың қоңырқай, мұңлы үніндей әсер етті»

[16, 126], – деп жазған музыка танушы Б.Г.Ерзакович. Мен ауылға осы көктемде барып немересі Зекен ападан Естайдың дауысы жуан ба, шыңғырған жіңішке болды ма? – деп сұрағанымда, ол кісі «қайдан білейін балам, біздің Ерболдың дауысы Естай атаңа келеді», – деді. Ол кісі әнші Ербол Айтбаевты айтып отыр. Ербол жоғарғы бас. Жас келе Естайдың дауыс регистрі көтеріліп лирикалық баритонға, тіпті, тенорға жақындаған болуы мүмкін. Вокалды дұрыс игерген әншілерде жиі кездесіп тұратын жағыдай. Мысалы Серкебаев жас күнінде бас болған. Әйгілі италиялық Паваротти де жас күнінде баритон болған, біз оны лирикалық тенор деп білеміз. Естай да солай болған сияқты. Себебі «Қорлан» баритондардың репертуарын толтырса «Жай қоңыр» тенорларға көбірек келеді.

Жетпіс үш жасқа келгенде Естайдың сырқаттануы жиілеп кетеді. 1946 жылдың қаңтар айында ауданға шақырту алады. Естай ауырып жүреді де жолға шықпайды. Шақырту қағазы қайта келген соң, Тоғайбайдың Оқасына ат жектіртіп екеуі сол кездегі аудан орталығы Краснокутскіге жүріп кетеді. Естай аудан орталығына жеткеннен кейін нашарлап қалады. Дәрігерлер жағдайының ауыр екенін ескертеді. Ақкөлге жетудің енді қиынға түсетінін сезгеннен соң, Чкалов совхозының 1-бөлімшесінде тұратын жақын туысы Жамалдың үйіне апарды. Естай өмірден өткеннен соң, ескі салтпен қыздың шаңырағынан шығармас деп Кәрібайдың үйіне әкеледі. «О дүниелік болып кетсем сүйегімді елге сүйремей, осы жерге қойыңдар, Қорлан берген жүзікті де өзіммен бірге жерлендер» деп аманат айтқан деседі. 1946 жылы наурыздың 15 күні Куйбышев ауданында (қазіргі Ақтоғай ауданы) қазақ ән өнерінің алыптары Біржан, Ақанға шәкірт, әнші Байғабыл, Жүніс Шәймардановқа ұстаз болған, ұлттық өнерге өзіндік қолтаңбасымен келіп, өлшеусіз үлес қосқан теңдесі жоқ композитор өмірден өтеді. Сол күні ақынның жары Зағиша да Ақкөлде дүние салған екен...

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.Артықбаев «Ақкөл-Жайылма хандар мекені», Астана ақшамы газеті, 27 мамыр, 2014 ж.
2. А.Бәделхан «Естай қай жылы туған?», «Сарыарқа самалы» газеті, 25 тамыз, 2001 ж.
3. Т.Жеңіс. Ертіс-Баянауыл өңірі шежіре [Мәтін]: - Павлодар: Кереку, 1995. – 550 б.
4. Р. Тоқтаров. Естай: құрастырушы А.Бәделхан [Мәтін]: - Павлодар: Кереку, 2003. – 230 б.
5. Ж.Қоғабаев. Естай. Ақынның ақырғы сапары. «Отарқа» газеті, 24 қыркүйек, 2003.
6. Тибальди-Къеза, Мария. Паганини [Мәтін]: - Москва: Молодая гвардия, 1981. – 301 б.
7. А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары: қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер. - Алматы, Жазушы баспасы, 1975 ж. 464 б.
8. Қ.Мұхаметқанов, Қорлан: Алматы, Жазушы баспасы, 1992 ж. 130 б. .
9. А. В. Затаевич «Қазақтың 1000 әні»: – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – 496 б.
10. С. Бегалин. Естен кетпес ешқашан: республикалық «Қасым» әдеби журналы, №32, Қаңтар-ақпан, 2016 ж.
11. Мұхамедханов, Қ. Естен кетпес екі кездесу [Мәтін]: [халық композиторы, ақын Естай Беркімбаев туралы естелік] / Қ. Мұхамедханов // Семей таңы. - 1970. - 25 февраль. - Б. 4.
12. Б. Г. Ерзакович. Қазақстанның музыка мәдениеті [Текст] : мақалалар мен материалдардың жинағы / құраст. П.В.Аравин, Б.Г.Ерзакович. - Алматы : Қазмембас, 1957.
13. Бір мысқал / Қ.Айтбаев. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2018. – 123 б.
14. З. Қоспақов. «Естайдың өмірі мен шығармашылық қызметі», Қызыл ту газеті, 20 қаңтар, 1988 ж.
15. А. В. Затаевич. 500 Казахских песен и кюев: – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 378 б.
16. Изобразительное искусство Казахстана [Мәтін]: сборник / ред. Б. Г.Ерзакович. - Алма-Ата : АН КазССР, 1963. - 378 б.